

**Шектеу іс-шараларын алып тастау және Шанақ ауылы округі әкімінің 2020 жылғы 18 наурыздағы № 9 "Қазығұрт ауданының Шанақ ауылы округі, Ызабұлақ елді мекені аумағында шектеу іс-шараларын белгілеу туралы" шешімінің күшін жою туралы**

Түркістан облысы Қазығұрт ауданы Шанақ ауылы округі әкімінің 2020 жылғы 25 мамырдағы № 12 шешімі. Түркістан облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 25 мамырда № 5630 болып тіркелді

Қазақстан Республикасындағы "Жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 35 бабының 2 тармағына, "Құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі Заңының 46 бабының 2 тармағына, "Ветеринария туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі Заңының 10-1 бабының 8) тармақшасына және Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің Қазығұрт аудандық аумақтық инспекциясы басшысының 2020 жылғы 15 мамырдағы № 02-05/178 ұсынысы негізінде ауыл округ әкімі ШЕШІМ ЕТЕДІ:

1. Бір бас иттің құтырық ауруы ошақтарын жоюға қатысты барлық ветеринарлық іс-шаралар кешенінің жүргізілуіне байланысты Шанақ ауылы округі, Ызабұлақ елді мекенінің аумағында шектеу іс-шаралары алынып тасталсын.

2. Қазығұрт ауданы, Шанақ ауылы округі әкімінің 2020 жылғы 18 наурыздағы № 9 "Қазығұрт ауданының Шанақ ауылы округі, Ызабұлақ елді мекені аумағында шектеу іс-шараларын белгілеу туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5510 болып тіркелген және 2020 жылы 19 наурызда Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде электрондық түрде жариланған) шешімінің күші жойылды деп танылсын.

3. Қазығұрт ауданының "Шанақ ауылы округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы шешімнің "Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі Түркістан облысының Әділет департаменті" Республикалық мемлекеттік мекемесінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы шешімді мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін баспа және электронды түрде қазақ және орыс тілдерінде Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына ресми жариялау және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін жіберуді;

3) ресми жарияланғаннан кейін осы шешімді Қазығұрт ауданы әкімдігінің интернет-ресурсына орналастыруын қамтамасыз етсін.

4. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

5. Осы шешім алғаш ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Ауыл округ әкімі*

*Е. Жорабаев*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК